

«Теректі негізгі мектебінің» 2-сынып жетекшісі Жұмабаева Гүлсімнің тәрбие жұмыстарының 2021-2022 оқу жылының

Есебі

2021-2022 оқу жылында 2- сынып оқушыларына тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, бекітілді. 2- сыныпта 4 оқушы тәлім алды. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеп, қалыптастыру. Тәрбие жоспары 9 бағытқа негізделіп құрылды. Тәрбие сағаттарымен қатар жолда жүру ережелері де уақытылы қамтылып отырылды. Тәрбие сағаттары уақытылы өткізілді. Атап айтар болсақ, қыркүйек айында білім күніне орай «Саналы ұрпақ - жарқын» болашақ тақырыбында білім сағаты өткізілді. «Отбасы – өмір айнасы» тақырыбында отбасылық тәрбиеге негізделген әңгіме сағаты өткізілді. Тілдер мерекесіне орай, ұлттықтілімізді ұлықтаумен қатар, үш тілділігімізге негізделген «Тіл халықтың жаны» тәрбие сағаты болды.

Қазан айында, рухани – адамгершілікке негізделген қарттай күніне орай «Қариясын ардақтаған ел ардақты» тақырыбында таным сабағы болды. Ұстаздар күніне орай «Ұстаз – ұлы есім» тақырыбында ардагер ұстаздарымызбен кездесу ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Рухани келісім күні», «Армысың, алтын күз» танымдық сабақтары өткізілді. 1-тоқсан демалысында күзгі каникулды тиімді пайдалану мақсатында жоспар құрылып, өткізілді.

Қараша айында, «Айналана қара» тақырыбында ауыл қмрінен сыр шертетін әңгіме сағаты ұйымдастырылды. «Қазақстанның киелі жері» тақырыбында танымдық сағаты ұйымдастырылып, оқушыларымызға еліміздің киелі жерлері таныстырылды. Адам денсаулығы жақсы болуы үшін уақытылы дәрігерлеріміз ұсынған екпелерді алу керектігін түсіндіру мақсатында, дәрігерімізді қатыстыра отырып, «Екпе егуден қашпайық тақырыбында әңгіме сағаты өткізілді». Рухани жаңғыру тақырыбында еліміздің жаңғыру жолы туралы пікір алмасты.

Желтоқсан айында, президент күніне орай «Менің тұңғыш президентім» тақырыбында Елбасымыздың өмір тарихынан сыр шертетін танымдық сабақ ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Тәуелсіздік тұнған – қасиетті ұғым», «Жаңа жылым, жарқыра», «Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл» тақырыптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Тоқсан соңында ата-

аналар жиналысы өткізіліп, оқушылардың жарты жылдық нәтижелері таныстырылды.

Қаңтар айында, «Отан – рухы биік асқақ ұғым», «111 – ұлттық – сенім - телефоны», «Әдептілік – адам көркі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыптарында танымдық сағаттар ұйымдастырылды.

Ақпан айында, денсаулықтың адам үшін маңыздылығы туралы ақпараттармен таныстыру мақсатында «Денсаулығым қорғаным» танымдық сабағы өткізілді. «Бала жүрегіне жол табу» әңгіме сағаты, «Бүкіл әлемдік адамзаттық қорғаныс» тақырыбына сайыс ұйымдастырылды.

Наурыз айында, адам өмірінде алғыстың маңыздылығын тереңірек түсіндіре отырып, алғыс айтудың парызы екендігін насихаттау мақсатында «Алғыс айту парызым» әңгіме сағаты өткізілді. Сонымен қатар, халықаралық әйелдер күніне орай, «Ана – өмір шуағы» тақырыбында аналарымызға арналған концерт ұйымдастырылды. «Төрт түлігім – байлығым» тақырыбында таным сағаты өткізілді.

Сәуір айында, «Адамгершілік – асыл қасиет», «Қазақстан – бірлік пен татулықтың мекені», «Менің отбасым – сыйластық оранған мекен», «Біздің тілегіміз – достық» тақырыптарында танымдық тәрбие сағаттары өткізілді.

Мамсыр айында, жеңіс күнінің біз үшін маңыздылығын насихаттау мақсатында «Ұлы жеңіс күні – мәңгілік ел жадында» тақырыбында патиреттоқ сезімге тәрбиелейтін ерлік сабағы өткізілді. Жыл бойын оқушыларымыздың оқыған кітаптары мен ертегілерін білу мақсатында «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Әр тоқсан сайын ата-аналар жиналысы уақытылы өткізіліп, оқушыларымыздың тәрбиесі мен бағасы таныстырылып отырылды. Жыл басында ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар жоспары құрылып, ата-аналар комитеті құрылды. Ата-аналар оқушылардың сабағына жауапкершілікпен қарай білді. Оқушылар мектепшілік жарыстар мен мерекелік іс-шараларға белсене қатынасып отырды.





Сынып жетекшісі: Жұмбаева Гүлсім